

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 1099 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж.,

№ 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 49-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат, № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 10, 11, 13-құжаттар; № 4, 21, 72-құжаттар; № 7, 36-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 54, 56-құжаттар; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 74, 75-құжаттар; № 15, 77, 78, 79, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат):

1) 167-бапта:

бірінші, алтыншы, 6-3 және сегізінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілігін айқындайтын сипаттамаларды көрсету арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының конкурстық не аукциондық құжаттамаға, сондай-ақ баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпаратта қойылатын талаптарын бұзу, - лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліне соғады.»;

«6. Әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) олар тартатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) конкурстық не аукциондық құжаттамада Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеу, - лауазымды адамдарға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліне соғады.»;

«6-3. Әлеуетті өнім берушіні және (немесе) олар тартатын қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық не аукциондық құжаттаманың талаптарына сай емес деп негізсіз тану, - лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліне соғады.»;

өнім берушілер өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған; жеңімпаздар деп айқындалған әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайларда, тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілерді, өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы қуыным арызбен сотқа жүгінбеу және (немесе) уақтылы жүгінбеуі - лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы . » ;

е с к е р т п е д е :

төртінші, алтыншы, тоғызыншы және оныншы абзацтар мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«үшінші бөлікте - бірінші басшыны не жауапты хатшыны немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адамды, тапсырыс берушіні не оның міндеттерін а т қ а р у ш ы а д а м д ы ; » ;

«алтыншы бөлікте - бірінші басшыны не жауапты хатшыны немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адамды, тапсырыс берушіні не оның міндеттерін а т қ а р у ш ы а д а м д ы ; » ;

«сегізінші және тоғызыншы бөліктерде - бірінші басшыны не жауапты хатшыны немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адамды, тапсырыс берушінің не оның міндеттерін а т қ а р у ш ы а д а м д ы ; » ;

6-3-бөлікте - конкурстық не аукциондық комиссияның төрағасын және оның орынбасарын, сондай-ақ конкурстық не аукциондық комиссияның мүшелерін.».

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат ; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құ ж а т т а р ; № 1 6 , 8 3 - қ ұ ж а т) :

1) 68-баптың 4-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамасына, әлеуметтік-экономикалық

даму болжамына, мемлекеттік қызмет көрсетудің қолданыстағы заттай нормалары мен стандарттарына сәйкестігі тұрғысынан, бұл ретте бюджеттік өтінімдерді қарау кезінде әрбір бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар түрлері бойынша есептеу кезінде бағдар ретінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада белгіленген тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың деректер базасы да (жылдық кезеңде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары бойынша қалыптасқан орташа өлшемді баға) пайдаланылады;».

3. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар):

64 - бапта:

4-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

7-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы алып тасталсын.

4. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17, 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 17-18, 108-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 4, 37-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161, 171-құжаттар; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 22-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 76-құжат):

1) 1 - бапта:

9) тармақша алып тасталсын;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«конкурстық комиссия – осы Заңда көзделген конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсімдерін орындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы құратын алқалы орган;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«18) мемлекеттік сатып алу – мыналарды:

жеке тұлғалардан еңбек шарттары бойынша сатып алынатын қызметтерді;

кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан өтемді қызмет көрсету шарттары бойынша сатып алынатын қызметтерді; мемлекеттік тапсырманы және оны орындау шеңберінде сатып алынатын мемлекеттік тапсырманы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді; жарналар (салымдар), оның ішінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына енгізуді қоспағанда, осы Заңда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын, тапсырыс берушінің жұмыс істеуін, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындауын қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тапсырыс берушілердің ақылы негізде сатып алуы;»;

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«25) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға не оны құрған заңды тұлғаның атынан, не Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Қазақстан Республикасының астанасы әкімінің шешімі бойынша әрекет ететін құрылымдық бөлімше;»;

27) тармақша алып тасталсын;

30) және 31) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«30) сараптама комиссиясы – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге қатысу және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындау, сондай-ақ үздік техникалық өзіндік ерекшелікті (үздік техникалық өзіндік ерекшеліктерді) айқындау үшін тартылатын, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы не тапсырыс беруші құратын алқалы орган;

31) сарапшы – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге қатысу және (немесе) әлеуетті өнім беруші ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындау, сондай-ақ үздік техникалық өзіндік ерекшелікті (үздік техникалық өзіндік ерекшеліктерді) айқындау үшін тартылатын, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы не тапсырыс беруші айқындаған жеке тұлға;

мынадай мазмұндағы 33-1), 34-1), 40, 41, 42) және 43) тармақшалармен толықтырылсын:

«33-1) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің анықтамалығы (бұдан әрі – анықтамалық) – өзінің бірегей коды бар, мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің

ж ү й е л е н г е н

т і з б е с і ; » ;

«34-1) ұлттық режим – шетелде шығарылған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді және осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ұсынатын әлеуетті өнім берушілерді, егер мұндай режимді ұсыну туралы талап Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленсе, отандық тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен және және осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ұсынатын әлеуетті өнім берушілермен тең жағдайларда мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберуді көздейтін р е ж и м ; » ;

«40) мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы (бұдан әрі – бірыңғай ұйымдастырушы) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын бюджеттік бағдарламалар не тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу рәсімдерін орындауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме болып табылатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы;

41) тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың деректер базасы – мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қалыптасқан баға туралы мәліметтерді қамтитын мемлекеттік сатып алу веб-порталының бір бөлігі болып табылатын ақпараттық кіші жүйе;

42) мемлекеттік сатып алу туралы электрондық шарт – электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылған және мемлекеттік сатып алу веб-порталында жасалатын электрондық-цифрлық нысандағы мемлекеттік сатып алу туралы шарт;

43) үздік техникалық өзіндік ерекшелік (үздік техникалық өзіндік ерекшеліктер) – өз сипаттамалары бойынша тапсырыс беруші мәлімдеген техникалық және сапалық сипаттамалардан асып түсетін тапсырыс беруші үшін қажет сатып алынатын тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің сипаттамасын қамтитын техникалық өзіндік ерекшелік (техникалық өзіндік ерекшеліктер).»;

2) 3-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;
3) 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) банк қызметіне байланысты қаржылық қызметтерді сатып алу;»;

31) және 31-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«31) мемлекеттік органның тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі, тиісті өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген акционерлік қоғамдардан және шаруашылық серіктестіктерден сатып алуы;

31-1) мемлекеттік органның тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өзі Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды

жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан, мұндай сатып алу Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында көзделген жағдайда сатып алуы;»;

37), 51), 53), 56) және 59) тармақшалар алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 65) тармақшамен толықтырылсын:

«65) Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі (тапсырмасы) бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын адамнан нақты тауарды, көрсетілетін қызметті сатып алу.»;

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес осы Заңның 3-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу қағидаты сақтала отырып, жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 1-тармағының 5), 6), 9-1), 11-1), 13), 21-1), 21-2), 33-1), 38), 48), 55) және 64) тармақшаларының ережелері мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.»;

4) 5 - б а п т а :

3-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманы қоса алғанда, анықтамалыққа сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы;»;

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.»;

7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тиісті бюджет бекітілгенге дейін екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізген жағдайда ғана қабылдауға құқылы.»;

5) 7 - б а п т а :

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

5. Бірыңғай мемлекеттік сатып алуды өткізу мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысын айқындайды;

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі және (немесе) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы орындайды;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі бірнеше тапсырыс берушілер үшін, олардың ішінен мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысын айқындауға к ү қ ы л ы ;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Қазақстан Республикасы астанасының әкімі тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысын айқындайды;

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді Қазақстан Республикасының тиісті облысының, республикалық маңызы бар қаласының және астанасының әкімі айқындайтын бюджеттік бағдарламалар және (немесе) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы орындайды;

4) тапсырыс беруші тапсырыс берушіге ведомстволық бағынысты бірнеше мемлекеттік мекеме немесе онымен үлестес тұлғалар үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде әрекет етуге құқылы;

5) тапсырыс беруші тапсырыс берушіге ведомстволық бағынысты бірнеше мемлекеттік мекемелер үшін олардың ішінен мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысын айқындауға құқылы;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі оларға қатысты өзі құрылтайшы (уәкілетті орган) не акционер болып табылатын заңды тұлғалар үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде болуға құқылы.»;

6 - тармақ алып тасталсын ;

б) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

«7-1-бап. Мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысының мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ерекшеліктері

1. Мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы осы Заңның 7-бабы 5-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алуды мынадай кезектеп өткізілетін кезеңдерді:

1) тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушыға электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларында белгіленген құжаттарды қамтитын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге тапсырма ұсынуды;

2) мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы тапсырыс беруші ұсынған электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында белгіленген құжаттарды қамтитын тапсырма негізінде конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы әзірлеуді және бекітуді;

3) мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы конкурстық не аукциондық комиссияның құрамын анықтауды және бекітуді;

мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы анықтайтын және бекітетін конкурстық не аукциондық комиссияның құрамына, тапсырыс берушінің өкілдері де к і р е д і ;

4) мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы конкурстық (аукциондық) құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді;

5) мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы мемлекеттік сатып алу жүргізу туралы хабарландыру орналастыруды;

6) мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы олар туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына конкурстық (аукциондық) құжаттама және (немесе) конкурстық (аукциондық) құжаттаманың техникалық ерекшелігін алған адамдарды тіркеу журналына енгізілген мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркелген адамдар тарапынан ұсыныстар мен ескертулерді тапсырыс берушіге жіберуді;

7) конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу жеңімпазын анықтауды;

8) тапсырыс берушінің жеңімпазбен мемлекеттік сатып алу туралы шартты осы Заңда және электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттама негізінде жасасуды сақтай отырып, жүзеге асырады.

2. Осы Заңның 7-бабы 5-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысының мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруы және өткізуі осы Заңда және электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.»;

7) 8 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды табыс етуді.» ;

7-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін берілуі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемі электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында белгіленеді.»;

8) 9-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжат (құжаттар) табыс етпеуі;»;

9) 1 0 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Әлеуетті өнім беруші табыс ететін біліктілік талаптары бойынша ақпараттың дәйектілігін тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы, уәкілетті орган не мемлекеттік қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген кезеңінде

анықтауы

мүмкін.»;

3-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осындай факті анықталған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, біліктілік талаптары бойынша дәйексіз ақпарат ұсынған әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап-арызды сотқа беруге

міндетті.»;

10) 11 - бапта:

4 - тармақта:

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге міндетті.»;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда, мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы оған әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей осындай әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге міндетті.»;

11) 12-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

12) 13 - бапта:

9) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

«9-1) отандық тауар өндірушілер өндіретін және олардан сатып алынатын тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесін бекітеді;»;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«19) Қазақстан Республикасының мүгедектер қоғамдық бірлестіктері құрған, тауарлар өндіретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтер көрсететін ұйымдардың тізбесін, олар өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді, сондай-ақ олардан осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін айқындайды;»;

24) тармақша алып тасталсын;

24-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«24-3) конкурстың не аукционның қорытындысы шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге тапсырыс берушілер бір көзден сатып алатын күн сайынғы немесе апта сайынғы қажетті тауарлардың, жұмыстардың,

көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 24-4), 24-5) және 24-6) тармақшалармен толықтырылсын:

«24-4) мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушыны айқындайды;

24-5) мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды;

«24-6) бюджеттік бағдарламалардың, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды осы Заңның 7-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекітеді;»;

13) 14 - бапта:

6) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамасында көзделген мемлекеттік сатып алу веб-порталы интеграцияланған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің деректер базасына енгізілген отандық тауар өндірушілерден сатып алу туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, жинақтау және талдау тәртібін айқындайды;»;

«10) мемлекеттік сатып алудың веб-порталы жұмысының техникалық істен шығуы туындаған жағдайда мемлекеттік сатып алудың веб-порталы жұмысының тәртібін анықтайды;»;

9) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

«9-1) мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану тәртібін айқындайды;»;

14) 14 - 1 - бапта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) мемлекеттік сатып алу саласындағы есептілікті техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;»;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) анықтамалықты енгізе отырып, тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың деректер базасын енгізуді және сүйемелдеуді жүзеге асырады.»

15) 15 - бапта:

2 - тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы конкурстық комиссия, аукциондық комиссия, сараптама комиссиясы, сарапшы;»;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор.»;

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының не конкурстық комиссияның, аукциондық комиссияның, сараптама комиссиясының, сарапшының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдана отырып, әлеуетті өнім берушінің, конкурсқа не аукционға қатысушының, өнім берушінің не олардың уәкілетті өкілінің жазбаша өтініші. Мұндай шағымды қарау осы Заңның 45-бабында көзделген талаптар сақталған кезде жүзеге асырылады.»;

16) 16-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша айқындалған біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін және конкурстық комиссия конкурсқа қатысушы деп таныған әлеуетті өнім берушілер қ а т ы с а д ы .

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу:

1) конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаған;

2) конкурсқа қатысуға екіден кем өтінім ұсынылған;

3) конкурсқа қатысуға бір де бір әлеуетті өнім беруші жіберілмеген;

4) конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілген;

5) конкурсқа қатысушылардың ұсынған конкурстық баға ұсыныстары болмаған;

6) конкурсқа қатысушылардың екіден кем конкурстық баға ұсыныстарын берген;

7) осы Заңның 26-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары қабылданбағаннан кейін конкурсқа қатысушылардың екіден кем конкурстық баға ұсыныстары бағалануға және с а л ы с т ы р у ғ а ж а т қ ы з ы л ғ а н ;

8) конкурс жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайлардың бірі болғанда өтпей қалды деп есептеледі.»;

1 7) 1 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Конкурстық құжаттаманы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған конкурстық құжаттаманың электрондық нысаны негізінде қазақ және орыс тілдерінде ә з і р л е й д і . » ;

2 - т а р м а қ т а :

2), 8), 13), 14), 15) және 16) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) болған жағдайда ұлттық немесе үкіметтік емес стандартты көрсете отырып, ал қажет болған жағдайда нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсете отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің, техникалық өзіндік ерекшеліктерінің сипаты мен талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану

с и п а т т а м а л а р ы .

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде сипаттаудың және сатып алынатын жұмыстардың талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының орнына конкурстық құжаттама белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы қамтуға т и і с ; » ;

«8) қосылған құн салығын қоспағанда, конкурстық баға ұсынысының мазмұнына қойылатын талаптар, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағаларынан басқа, оларды тасымалдау мен сақтандыру шығыстарын, кеден баждарын, салықтар мен алымдарды, сондай-ақ тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету шарттарында көзделген өзге де шығыстарды төлеуді көрсету;»;

«13) конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың тәртібі, тәсілі мен соңғы мерзімі және конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданыста болуының талап етілетін мерзімі;

14) әлеуетті өнім берушілер олардың көмегімен конкурстық құжаттаманың мазмұны бойынша түсініктемелер сұрата алатын тәсілдер;

15) конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу күні және уақыты;

16) конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру рәсімдерінің сипаттамасы;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай критерийлерді:

1) әлеуетті өнім берушіде:

өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің;

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес ұсынылатын тауарларды ерікті түрде сертификаттауды растайтын құжаттың;

ұлттық стандарт талаптарына сәйкес сапаның сертификатталған менеджмент жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің);

ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес қоршаған ортаны басқару менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) және (немесе) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес экологиялық таза өнім стандартына сәйкестігіне растаудың болуын;

2) тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамаларын және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, оларға техникалық қызмет көрсетуге және оларды жөндеуге арналған шығыстарды.»;

5 және 5-1-тармақтар алып тасталсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы Заңның 7-бабы 5-тармағының 1), 2) және 2-1) тармақшаларына сәйкес айқындалған мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы әзірлеген конкурстық құжаттаманы мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам бекітеді.»;

18) 18, 19 және 20-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы
х а б а р л а м а

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынуының соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін мемлекеттік сатып алу веб-порталында
ж а р и я л а у ғ а м і н д е т т і .

Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асырған жағдайда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын, мемлекеттік сатып алу веб-порталында конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды қайтадан жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтінін жариялауға міндетті.

19-бап. Конкурсстық құжаттаманы ұсыну

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы мемлекеттік сатып алу веб-порталында бекітілген конкурстық құжаттаманы жариялау арқылы
м ү д д е л і а д а м д а р ғ а ұ с ы н а д ы .

Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға ниет білдірген мемлекеттік сатып алу веб-порталындағы конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған адамдар туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде
т і р к е л е д і .

20-бап. Конкурсстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру

1. Өздері туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркелген адамдар осы Заңның 19-бабына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі өткенге дейін кемінде күнтізбелік бес күн бұрын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сауалмен жүгінуге құқылы. Конкурсстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сауал конкурстық құжаттамада көрсетілген тәсілдермен мемлекеттік сатып алуды
ұ й ы м д а с т ы р у ш ы ғ а ж і б е р і л у г е т и і с .

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы сауалды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оған жауап беруге және сауалдың кімнен келіп түскенін көрсетпестен конкурстық құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар

ете отырып, мемлекеттік сатып алу веб-порталында конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру мәтінін жариялауға міндетті.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдер табыс студің соңғы күні өткенге дейін күнтізбелік үш күн мерзімінен кешіктірмей өз бастамасы бойынша немесе осы Заңның 19-бабына сәйкес өздері туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркелген адамдардың сауалына жауап ретінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы Заңның 17-бабының 6-тармағында белгіленген тәртіппен б е к і т і л е д і .

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін өздері туралы мәліметтер осы Заңның 19-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде тіркелген адамдарға жіберуге міндетті.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі кемінде күнтізбелік он күн мерзіміне ұ з а р т ы л у ғ а т и і с . » ;

19) 21-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылуға тиіс мәліметтер, сондай-ақ құжаттар электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалады.»;

20) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«22-бап. Конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсыну

1. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді ұсынудың конкурстық құжаттамада көрсетілген соңғы мерзімі өткенге дейін оны мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық құжат н ы с а н ы н д а ұ с ы н а д ы .

Әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімі:

1) әлеуетті өнім беруші бұрын осы конкурсқа қатысуға өтінім берген;

2) конкурсқа қатысуға өтінім мемлекеттік сатып алу веб-порталына осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түскен;

3) осы Заңның 6-бабы 1-тармағының 3), 3-1), 3-2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда оны мемлекеттік сатып алу веб-порталының автоматты түрде қ а б ы л д а м а у ы н а ж а т а д ы .

2. Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға әлеуетті өнім берушілер берген өтінімдер мемлекеттік сатып алу веб-порталында электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында көзделген конкурсқа қатысуға өтінімдерді электрондық тіркеу журналында автоматты түрде тіркеледі.

3. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталған к е з д е н к е ш і к т і р м е й :

- 1) конкурсқа қатысуға енгізілген өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыруға;
- 2) конкурсқа қатысуға өзі енгізген өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

Конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге, сол сияқты оны кері қайтарып алуға жол берілмейді.

4. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдердің конкурстық құжаттамада белгіленген қолданылу мерзімі өткенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей әлеуетті өнім берушілерден олардың қолданылу мерзімін нақты уақыт кезеңіне ұзартуды сұратуға құқылы. Әлеуетті өнім беруші:

1) өзінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі ішінде конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысу;

2) мұндай өтінімнің қолданылу мерзімі өткеннен кейін өзі енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, мұндай сауалды қабылдамауға құқылы.

5. Әлеуетті өнім беруші конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға өзінің қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, конкурстық комиссияның, сараптама комиссиясының, сарапшының, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындыларына қарамастан, мұндай шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді мойнына алмайды.»;

21) 23-бап алып тасталсын;

22) 23-1-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы Заңның 26-1-бабының 2-тармағына сәйкес конкурстық баға ұсынысын бермеген, конкурсқа қатысушы деп танылған әлеуетті өнім берушіні қоспағанда, конкурсқа қатысушы деп танылған әлеуетті өнім беруші өзінің конкурстық баға ұсынысын белгіленген мерзімде бермеген не кері қайтарып алған;»;

23) 24-бап алып тасталсын;

24) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«25-бап. Жұмыстар бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, конкурсқа қатысуға рұқсат беру

1. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау және оларды конкурсқа қатысушы деп тану мақсатында жүзеге асырады.

2. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтайды.

3. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілер ұсынатын

жұмыстардың конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық өзіндік ерекшелікке сәйкестігіне қатысты сараптама қорытындысын дайындау үшін сараптама комиссиясын құруға не сарапшыны айқындауға құқылы.

Осы Заңның 7-бабы 5-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес айқындалған мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу кезінде тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын әлеуетті өнім беруші ұсынатын техникалық өзіндік ерекшеліктерге жұмыстардың сәйкестігіне қатысты сараптама қорытындысын дайындау үшін сараптама комиссиясын құрады не сарапшыны а й қ ы н д а й д ы .

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыда не тапсырыс берушіде тиісті бейіндегі мамандар болмаған жағдайда, ол мемлекеттік қызметшілерді не сатып алынатын тауарларға және көрсетілетін қызметтерге мамандығы сәйкес келетін өзге мамандарды сарапшылар ретінде жұмысқа тартады. Мемлекеттік қызметшілер сарапшылар ретінде өтемсіз негізде тартылады, ал өзге де мамандар тараптардың уағдаластығы бойынша ақылы да, өтемсіз де негізде тартылады.

Сарапшылардың конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

Ақылы негізде сарапшылар ретінде тартылатын адамдарды таңдау осы Заңға сәйкес ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

4. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеуі нысанасына конкурсқа қатысуға өтінімдерді карау нәтижелері бойынша әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуына алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні төраға және конкурстық комиссия отырысына қатысушы барлық мүшелері, сондай-ақ конкурс комиссиясының хатшысы қол қоятын конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделеді.

Конкурсқа қатысуға рұқсат берудің алдын ала хаттамасы әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес еместігі туралы себептерін көрсете отырып, ақпаратты қамтуға тиіс.

Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келген жағдайда конкурсқа қатысуға рұқсат берудің алдын ала х а т т а м а с ы р е с і м д е л м е й д і .

5. Конкурстық комиссия біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы жарияланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге қ ұ қ ы қ б е р е д і .

6. Осы баптың 5-тармағына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді

қайта қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірмелерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында қажетті ақпаратты тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы.

Осы баптың 5-тармағында көзделген конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімді жеткіліксіз құжаттармен толықтырудан, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстырудан, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкестікке келтіруден көрінетін конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге байланысты конкурстық комиссияның сауал жіберуіне және өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді.

Конкурстық комиссия, егер конкурсқа қатысуға өтінімде оның мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келетін өтінім ретінде қарайды.

7. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді осы баптың 5-тармағына сәйкес келтіргеннен кейін, егер:

1) осы Заңда және электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған негіздер бойынша оның және (немесе) оның қосалқы мердігерінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса;

2) ол осы Заңның 6-бабының талаптарын бұзса;

3) осы Заңда және электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған негіздер бойынша оның конкурсқа қатысуға өтінімінің конкурстық құжаттаманың талаптары мен шарттарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды).

8. Егер әлеуетті өнім беруші осы баптың 6-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмесе:

1) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада осындай әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімін қабылдамаудың негіздемелері көрсетіледі;

2) осы Заңның 6-бабының талаптарын бұзған әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуге жатады.

9. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау нәтижелері бойынша:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес

келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп т а н и д ы ;

2) конкурсқа қатысушыларға осы Заңның 17-бабының 4-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолданады;

3) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

Егер конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу лоттардан тұрса, онда конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада әрбір лот бойынша конкурсқа қатысушылар көрсетіледі. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы жалпы хаттаманы онда әрбір лот бойынша конкурсқа қатысушыларды көрсету шартымен ресімдеуге жол беріледі.

10. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға конкурстық комиссияның төрағасы және отырысқа қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуына рұқсат беру (конкурсқа қатысушылар деп тану) туралы шешім қабылданған күні қол қояды.

Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы конкурстық комиссияның хатшысы рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні, өтінімдері осы Заңның 22-бабының 2-тармағына сәйкес электрондық тіркеу журналында автоматты түрде тіркелген барлық әлеуетті өнім берушілерге электрондық почта бойынша автоматты түрде хабарлай отырып, мемлекеттік сатып алу веб-порталында жариялайды.

11. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешіміне осы Заңның 45-бабында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.»;

25) мынадай мазмұндағы 25-1-баппен толықтырылсын:

«25-1-бап. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, конкурсқа қатысуға рұқсат беру

1. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптарына, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау, оның ішінде үздік техникалық өзіндік ерекшелікті (үздік техникалық өзіндік ерекшеліктерді) айқындау бөлігінде және оларды конкурс қатысушылары деп тану мақсатында жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың үздік техникалық өзіндік ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) айқындаудың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкес келуіне қатысты сараптама қорытынды әзірлеу және үздік техникалық өзіндік ерекшелікті айқындау үшін сараптама комиссиясын құруға не сарапшыны айқындауға құқылы.

Мемлекеттік сатып алуды осы Заңның 7-бабы 5-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес айқындалған мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ұйымдастырған және жүргізген кезде тапсырыс беруші әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің үздік техникалық өзіндік ерекшеліктерге сәйкестігіне қатысты, конкурстық құжаттаманың ажырамас

бөлігі болып табылатын сараптама қорытындыны дайындау және үздік техникалық ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) анықтау үшін сараптама комиссиясы құрады не сарапшыны анықтайды.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыда не тапсырыс берушіде тиісті бейіндегі мамандар болмаған жағдайда, ол мемлекеттік қызметшілерді не сатып алынатын тауарларға және көрсетілетін қызметтерге мамандығы сәйкес келетін өзге де мамандарды сарапшылар ретінде жұмысқа тартады. Мемлекеттік қызметшілер сарапшылар ретінде өтеусіз негізде тартылады, ал өзге мамандар тараптардың уағдаластығы бойынша ақылы да, өтеусіз де негізде тартылады.

Конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде сарапшылардың дауыс беруге құқығы жоқ.

Ақылы негізде сарапшылар ретінде тартылатын адамдарды таңдау осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Конкурса қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтайды.

4. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі нысанасына конкурса қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы және отырысқа қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушілерге конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні қол қояды.

Конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес еместігі туралы себептер көрсетілген ақпарат қамтылуға тиіс.

Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келген жағдайда конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделмейді.

Бұл ретте үздік техникалық өзіндік ерекшелікті (үздік техникалық өзіндік ерекшеліктерді) анықтай отырып, конкурса қатысуға рұқсат беру хаттамасы ресімделеді.

5. Конкурстық комиссия, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілер анықталған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурса қатысуға өтінімдерін конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы жарияланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіру үшін құқық береді.

6. Осы баптың 5-тармағына сәйкес келтірілген конкурса қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірмелерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға ;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы.

Конкурсқа қатысуға өтінімді жетіспеген құжаттармен толықтыру, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыру, тиісті түрде рәсімделмеген құжаттарды конкурсқа қатысуға өтінімдерді осы баптың 5-тармағында көзделген біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өтіп кеткеннен кейін сәйкес келтіру тұрғысынан конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге байланысты конкурстық комиссияның сауал жіберуіне және өзге де әрекеттеріне жол берілмейді.

Конкурстық комиссия, егер конкурсқа қатысуға өтінімде оның мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер бар болса, конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келетін өтінім ретінде қарайды .

7. Әлеуетті өнім беруші, егер:

1) осы Заңда және электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған негіздер бойынша оның және (немесе) оның бірлесіп орындаушысының біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса;

2) ол осы Заңның 6-бабының талаптарын бұзса;

3) осы Заңда және электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған негіздер бойынша оның конкурсқа қатысуға өтінімінің конкурстық құжаттаманың талаптары мен шарттарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса, конкурсқа қатысуға өтінімдер осы баптың 5-тармағына сәйкес келтірілгеннен кейін конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды) .

8. Егер әлеуетті өнім беруші осы баптың 7-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмесе, онда:

1) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада осындай әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімін қабылдамаудың негіздемелері көрсетіледі;

2) осы Заңның 6-бабының талаптарын бұзған әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуге жатады .

9. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау нәтижелері бойынша :

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес

келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды ;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған үздік техникалық өзіндік ерекшелікті (үздік техникалық өзіндік ерекшеліктерді), оның ішінде сараптама комиссиясының (сарапшының) қорытындысын ескере отырып, айқындайды;

3) конкурсқа қатысушыларға осы Заңның 17-бабының 4-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолданады;

4) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

Егер конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу лоттардан тұрса, онда конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада әрбір лот бойынша конкурсқа қатысушылар көрсетіледі. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы жалпы хаттаманы онда әрбір лот бойынша конкурсқа қатысушыларды көрсету шартымен ресімдеуге жол беріледі.

10. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға конкурстық комиссияның төрағасы және отырысқа қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуына рұқсат беру (конкурсқа қатысушылар деп тану) туралы шешім қабылданған күні қол қояды.

Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы конкурстық комиссияның хатшысы рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні, өтінімдері осы Заңның 22-бабының 2-тармағына сәйкес электрондық тіркеу журналында автоматты түрде тіркелген барлық әлеуетті өнім берушілерге электрондық почта арқылы хабарлай отырып, мемлекеттік сатып алу веб-сайтында жариялайды.

11. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешіміне осы Заңның 45-бабында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

12. Үздік техникалық ерекшелікті (үздік техникалық ерекшеліктерді) анықтау оның (олардың) болмауы себебінен мүмкін болмаған жағдайда тапсырыс беруші мәлімдеген техникалық және сапалық сипаттамаларға сәйкес келетін техникалық ерекшеліктер қ а р а у ғ а ж а т а д ы . » ;

26) 26-бап алып тасталсын ;

27) 26-1-бапта :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

«2. Жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурсқа қатысуға жіберілген (конкурсқа қатысушы деп танылған) әлеуетті өнім беруші рұқсат беру туралы хаттама жарияланған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алу веб-порталына конкурстық баға ұсыныстарын беруге тиіс.

Тауарларды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурсқа қатысуға жіберілген (конкурсқа қатысушы деп танылған) әлеуетті өнім беруші рұқсат беру туралы хаттама жарияланған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алу веб-порталына осы Заңның 25-1-бабының 4-тармағына сәйкес алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделген бір техникалық

ерекшелікке конкурстық баға ұсыныстарын электрондық мемлекеттік сатып алу өткізу қағидаларында көзделген тәртіппен береді.

Техникалық ерекшелігі үздік деп анықталмаған, конкурсқа қатысуға жіберілген (конкурсқа қатысушы деп танылған) әлеуетті өнім беруші осы Заңның 25-1-бабына сәйкес конкурстық баға ұсыныстарын бермеуге құқылы.»;

5-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде конкурстың мәні болып табылатын сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында мол жұмыс тәжірибесі бар әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады. Тең шартты бағалары бар бірнеше әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі тең болған кезде конкурстық баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің ұсыныстарынан бұрын келіп түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.»;

28) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«27-бап. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы х а т т а м а

1. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттама конкурстық комиссияның барлық мүшелерін және әлеуетті өнім берушілер туралы мәліметтер конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналына енгізілгендердің барлығын электрондық пошта арқылы бір уақытта хабардар ете отырып, мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде қалыптастырылады және жарияланады.

2. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталында конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ол бойынша конкурс жеңімпазы анықталған техникалық ерекшелікті көрсете отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына қол қояды және конкурс жеңімпазына жібереді.»;

29) 29-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Әлеуетті өнім беруші егер екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың бірінші кезеңіне қатысса, ол конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді.»;

30) 31-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) олар болған кезде ұлттық немесе үкіметтік емес стандартты көрсете отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша с и п а т т а м а с ы ; » ;

31) 32 баптың 3) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) егер осындай мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылған жағдайда, конкурс не

аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысын шығарғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күнделікті және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса;»;

«5) аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылса жүргізілуі мүмкін. Осы ереже аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жарамсыз деп танылған жағдайларға қолданылмайды;»;

32) 33-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің, олар болған кезде ұлттық немесе үкіметтік емес стандартын көрсете отырып, сипаттамасы және талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаты.

Сатып алынатын жұмыстардың сипаттамасы және талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипатының орнына жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шақыруда белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс;»;

33) 35-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті жеткізетін (орындайтын, көрсететін) бірнеше орын болған жағдайда аукцион тәсілімен өткізілетін лотта тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті жеткізетін (орындайтын, көрсететін) бірнеше орынды көрсетуге
ж о л

б е р і л е д і . » ;

3 4) 3 5 - 1 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Заңның 8-бабында белгіленген жалпы және арнайы біліктілік талаптарынан басқа аукциондық құжаттамада мынадай мәліметтер қамтылады:»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) олар болған кезде ұлттық немесе үкіметтік емес стандартты, ал егер қажет болған кезде нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсете отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаты.

Сатып алынатын жұмыстардың сипаттамасы және талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипатының орнына жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде аукциондық құжаттамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуы
т и і с ; » ;

35) 35-1-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы Заңның 7-бабы 5-тармағының 1), 2) және 2-1) тармақшаларына сәйкес анықталған мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған жағдайда аукциондық құжаттаманы мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысының бірінші басшысы не оның

міндетін атқарушы адам бекітеді.»;

36) 35-4-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Әлеуетті өнім беруші өзінің аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, аукциондық комиссия, сараптама комиссиясы, сарапшы, электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындыларына қарамастан, мұндай шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді.»;

37) 35 - 8 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Аукциондық комиссия күнтізбелік жеті күннен кешіктірілмейтін мерзімде аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөлігін қарайды және аукционға қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілердің аукциондық құжаттамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды.

Әлеуетті өнім беруші аукциондық құжаттамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес еместігі туралы шешім қабылданған жағдайда мемлекеттік сатып алу веб-порталында аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөліктерін қарау хаттамасы ресімделеді және жарияланады, оған аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөліктерін қарау хаттамасы ресімделген күні аукциондық комиссияның төрағасы мен отырысқа қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ аукциондық комиссияның хатшысы қ о л қ о я д ы .

Аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөліктерін қарау хаттамасында әлеуетті өнім берушілердің аукциондық құжаттамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмеу себептері көрсетілген ақпарат қамтылуға тиіс.

Аукциондық комиссия аукциондық құжаттамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда мұндай әлеуетті өнім берушілерге аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөліктерін қарау хаттамасы жарияланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөліктерін аукциондық құжаттамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келтіру үшін құқық береді.»;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Аукциондық комиссияның аукционға қатысуға өтінімді аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге байланысты, жетіспейтін құжаттармен толықтыру, аукционға қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыру, аукционға қатысуға өтінімдерді осы баптың 2-тармағының төртінші бөлігінде көзделген, аукциондық құжатамада белгіленген біліктілік талаптарына аукционға қатысуға өтінімдерді сәйкестікке келтіру мерзімі өткеннен кейін тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіру сияқты сұрау салулар жіберуге және өзге де

іс-қимылдарына жол берілмейді.»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Егер аукционға қатысуға өтінімдердің екінші бөліктерін қарау нәтижелері бойынша аукциондық комиссия аукциондық құжаттамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп бір ғана әлеуетті өнім берушіні таныған болса, онда мұндай әлеуетті өнім беруші аукцион жеңімпазы деп танылады.»;

9-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына аукцион жеңімпазы не осы баптың 10 және 11-тармақтарында көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына тапсырыс беруші қол қойған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер қол қоюға және ұсынуға т и і с . » ;

38) 35-9-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімдердің бірін қабылдауға құқылы.»;

3 9) 3 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік сатып алу туралы электрондық шарт жасасуға жол беріледі.»;

5-тармақтың бірінші және алтыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың қағидаларында не электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында көзделген жағдайларда өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге м і н д е т т і . » ;

«Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап тауар биржалары арқылы баға ұсыныстарын сұрату, осы Заңның 32-бабының 4) тармақшасының негізінде жүзеге асырылған бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша айқындалған өнім берушілерге, сондай-ақ оны осы Заңның 8-бабының 8-тармағында көзделген жағдайда берген өнім берушілерге, осы Заңның 41-бабы 3-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын өнім берушілерге қ о л д а н ы л м а й д ы . » ;

1 1 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

40) 38-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты осы Заңда белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге ұсынбаса немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаса отырып, осы Заңның 37-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу

туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылады.»;

41) 41-баптың 3-тармағының б) тармақшасы алып тасталсын;

42) 43, 44-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«43-бап. Заңды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциумның) мемлекеттік сатып алуға қатысуының ерекше шарттары

Заңды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциумның) мемлекеттік сатып алуға қатысуының ерекше шарттары электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалады.

44-бап. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимді қолдану

1. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шет мемлекеттерден шыққан тауарларға, шетелдік әлеуетті өнім берушілер тиісінше орындайтын жұмыстарға, көрсететін қызметтерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда және шарттарда қазақстандық тауарлармен, қазақстандық әлеуетті өнім берушілер тиісінше орындайтын жұмыстармен, көрсететін қызметтермен тең шарттар негізінде ұлттық режим қолданылады.

2. Елдің конституциялық құрылымының негіздерін қорғау, құқықтық тәртіпті, ұлттық қауіпсіздікті және қорғаныс қабілеттілігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының ішкі нарығын қорғау, ұлттық экономиканы дамыту, отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі шет мемлекеттерден шыққан тауарларға, шетелдік әлеуетті өнім берушілер тиісінше орындайтын жұмыстарға, көрсететін қызметтерге рұқсат беруге тыйым салу және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде көрсетілген тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге рұқсат беруді шектеу белгілеген.

Көрсетілген тауарлардың шыққан елін анықтау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Заңның осы бабының 2-тармағына сәйкес тыйым, шектеу белгілеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі шет мемлекеттерден шыққан тауарларды, шетелдік әлеуетті өнім берушілер тиісінше орындайтын жұмыстарды, көрсететін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде рұқсат беру шарттарын белгілейді.»;

44) мынадай мазмұндағы 44-1-баппен толықтырылсын:

«44-1-бап. Әлеуетті өнім берушілердің жекелеген санаттарының мемлекеттік сатып алуға қатысуы

1. Әлеуетті өнім берушілердің жекелеген санаттарының мемлекеттік сатып алуға қатысуы осы Заңда көзделген жағдайларда айқындалады.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жеке түрлеріне мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде:

1) Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған, осындай

тауарлар шығаратын ұйымдардан тауарларды (техникалық қосалқы (компенсаторлық) құралдарды) ағымдағы жылы осы тауарларды сатып алу үшін бөлінген сомалық мәндегі жалпы көлемнен 100 (жүз) пайыз көлемде;

2) Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған, тауарлар шығаратын ұйымдардан Заңның осы бабының 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілмеген өзге тауарларды ағымдағы жылы осы кемінде тауарларды сатып алу үшін бөлінген сомалық мәндегі жалпы көлемнен кемінде 50 (елу) пайыз көлемде;

3) Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін ұйымдардан жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ағымдағы жылы осы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомалық мәндегі жалпы көлемнен 100 (жүз) пайыз көлемде сатып алуды жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған, тауарларды шығаратын, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін ұйымдардың, Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған, тауарларды шығаратын, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін ұйымдардан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жеке түрлерінің тізбесін және оларды сатып алу тәртібін Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і а й қ ы н д а й д ы .

Бұл ретте Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктерінің аталған ұйымдары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 248-бабының бірінші бөлігі 13) тармақшасының екінші абзацында көзделген шарттарға сәйкес келуі тиіс.

4. Осы баптың 2-тармағында белгіленген ережелерді іске асыру үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы осы Заңда көзделген тәсілдермен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады, бұл мемлекеттік сатып алуға қатысуға Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған, тауарларды шығаратын, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін ұйымдарға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін ұйымдарға өткізілетін мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлерді және қызмет көрсету бойынша бірлесіп орындаушыларды тартуға жол
б е р і л м е й д і .

Заңның осы бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы хабарландыру мәтінінде мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған, тауарларды шығаратын, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін ұйымдар арасында ғана жүзеге асырылатынын көрсетеді.

5. Мемлекеттік сатып алу осы Заңның 16-бабының 4-тармағында көзделген негіздер

бойынша өтпеді деп танылған жағдайда тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін ұйымдардан бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін ұйымдардан бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес өзге де әлеуетті өнім берушілер арасында мемлекеттік сатып алуды қайта өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тауарларды шығаратын, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындарына конкурстық баға ұсынысын 15 пайыздық шартты азайған түрдегі басымдықты ұсынуға міндетті.

Осы тармақта көрсетілген басымдықты ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидасында айқындалады.

7. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы осы Заңның 12-бабының 1-тармағында көзделген бөлікке бөлуге жіберілетін тәсілдермен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ағымдағы жылы осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомалық мәндегі жалпы көлемнен кем дегенде 15 (он бес) пайыз мөлшерінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Бұл ретте бөлуге жіберілетін тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген алпыс мың есе айлық есептік көрсеткіш сомалық мәннен аспауы тиіс.

8. Заңның осы бабының 6-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы хабарландыру мәтінінде мемлекеттік сатып алу шағын кәсіпкерлік субъектілері арасында ғана жүзеге асырылатынын көрсетеді.

9. Шағын кәсіпкерлік субъектілері арасында мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жалпы негізде жүзеге асыруға құқылы.

Бұл ретте сатып алу объектісі болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың,

көрсетілетін қызметтердің көлемі ағымдағы жылы осы тауарларды сатып алу үшін бөлінген жиынтық сомалық жылдық мәнде ескеріледі.

10. Сатып алуды ұйымдастырушы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық (аукциондық) құжаттамада шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайтын әлеуетті өнім берушіге шағын кәсіпкерлік субъектілері қатарынан қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауға тарту туралы талапты белгілеуге қ ұ қ ы л ы .

Бұл ретте қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) тартылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемі ағымдағы жылы осы тауарларды сатып алу үшін бөлінген жиынтық сомалық жылдық мәнде ескеріледі.»;

45) 45-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«45-бап. Тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау

Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне), егер олардың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, шағым жасауға қ ұ қ ы л ы . Та п с ы р ы с б е р у ш і н і ң :

1) мемлекеттік сатып алу тәсілін таңдау туралы;

2) осы Заңның 5-бабының 10-тармағына сәйкес өзі қабылдаған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі мемлекеттік бақылау органдарына ш а ғ ы м д а н у ғ а ж а т п а й д ы . » ;

46) 47-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«47-1-бап. Өтпелі ережелер

Осы Заңның 7-бабының 5-тармағы 2) тармақшасының ережесі 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.» .

2-бап. Осы Заң 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабының 4-тармағы 5) тармақшасының сегізінші және тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, ол алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті